

АЛҒЫСӨЗ



Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы еліміздің өткені мен болашағын саралаған, халқымыздың, кәсіби тарихшылардың көкейінде жүрген толғамдардың бет-пердесін ашып, жана бір арнаға тоғытқан тың ойлардың туындысы болды. Мақалада айтылған ойлардың тарихи-танымдық мәні зор. Қазақ халқының тарихы да басқа елдердің тарихы тәрізді тамыры тереңде, өзіндік өркениеттік сипатқа ие. Сондықтан тарихымыздың барлық кезеңдерін біртұтас қарастырған сонау көне заманнан басталып, қазіргі уақытқа дейін жалғасын тауып отырғанына куә бола аламыз. Ұлы даланың мекендеген халықтардың мәдени жетістіктері Қазақ жерінде пайда болғаны, кейіннен басқа аумақтарға таралғаны белгілі. Қазақстан археологиясының Тәуелсіздік жылдары жеткен жетістіктері айтарлықтай. Қазақстанның барлық аймақтарынан құнды жәдігерлер табылып, ежелгі заманнан бері еліміз өркениеттің ошағы болғанына көзімізді жеткізіп отыр. Бұл жәдігерлерге қарай отырып, ата-бабаларымыздың өз заманында озық технологияларды ойлап тапқанын, дүние жүзіне мәлім болған жаңалықтарды ашқанын біле аламыз. Осы тұрғыдан қазақ халқының да, «қазақ» атауының да тамыры тереңде жатқанын аңғара аламыз.

7

Ұлы дала мұрасын зерделеуде Ұлытау өңірінің алатын орыны ерекше. Ұлытау өңірінің саяси маңыздылығы географиялық орналасуымен анықталады. Бұл жер Орталық Қазақстан аумағында орналасып, Қазақстанның оңтүстік, солтүстік, шығыс және батыс жерлерімен шекарлас жатты. Бүгінде қазақ халқы ерекше құрметтейтін саяси оқиғалар өңірдің тарихи-мәдени ескерткіштерінен көрініс тауып отыр.

Алдарыңыздағы ғылыми туынды Ұлытау өңірінде орналасқан Алтыншоқы тарихи-мәдени кешенін зерттеуге арналған еңбек. Есімі әлем тарихына танымал Әмір Темірдің жойқын жорықтарының бір куәсі сан ғасырлар бойы өз құпиясын бойына бүгіп, өз зерттеушісін тосып жатқан жәйі бар. Алтыншоқы қыратынан тарихта «Темірдің жазуы» немесе «Қарасақбай тасы» деген атпен белгілі құнды тарихи жәдігер табылған болатын. Бұл тарихи ескерткіштің табылуы Қ. И. Сәтбаевтың есімімен тығыз байланысты. Міне, сол уақыттан бастап Алтыншоқы құпиясын анықтауға алғашқы қадам жасалды. Бүгінгі күні Алтыншоқы құпиясын ашуды Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ғалымдары қолға алып

отыр. Бұл кітапты зерттеу жұмыстарының бастапқа нәтижелерін таныстыру мақсатында жариялап отырымыз.

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» делінген. Кітаптың да басты мақсаты еліміздің тарихындағы ақтаңдақтарды ашып, тарихымызды жаңа зерттеулермен толықтыру болып табылады.

Р. М. Жұмашев

Тарих ғылымдарының докторы, профессор, академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

